

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 маусымдағы N 197ж қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 123-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде:

реттік нөмірі 3-жолдың 5-бағанының 2-тармағында:

"3200", "304500", "97335", "87000", "97000", "166000", "95665" деген сандар тиісінше "3586", "215544", "87829", "61885", "48504", "149212", "72040" деген сандармен ауыстырылсын;

"Бурабай - Көкшетау - Петропавл - Ресей Федерациясының шекарасы - 305 км 95 665 мың теңге сомасына" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Екатеринбург - Алматы - 161 км 62486 мың теңге сомасына;

Астана - Щучинск - 225 км 150000 мың теңге сомасына";

7-тармақта "3200" деген сандар "3586" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 124-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде:

5-бағанның I бөлімінде:

"47", "7", "1868964" деген сандар тиісінше "65", "9", "1936271" деген сандармен ауыстырылсын;

"1868964 мың теңге сомасына, соның ішінде" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы 1-тармақпен толықтырылсын:

"1. Ақмола облысы - Бурабай курорт аймағының автомобиль жолындағы Щучинск - Бурабай учаскесіндегі Громотуха өзені арқылы өтетін көпірді күрделі жөндеу";

1-тармақтағы "1." деген реттік нөмір "1-1." деген реттік нөмірмен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "144,149 км" деген сөздерден кейін "Алматы - Шамалған - Ұзынағаш - Прудки - Қырғызстан шекарасы 21-23, 31 км; Алматы - Космостанция 2-10 км

автожолдарындағы су тасқынының зардаптарын жою; Алматы - Көкпек - Шонжы - Көктал - Қорғас 35 км автожолы бойынша Бесағаш өзені арқылы өтетін көпір; Алматы - Өскемен автожолының 213,5 км құбырды қалпына келтіру" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "автожолдарын күрделі жөндеу" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Қызылорда облысы - Самара - Шымкент 1779-1786 км автожолындағы су тасқынының зардаптарын жою";

II бөлімдегі "1411,9", "4531036", "97", "200", "51", "97,9" деген сандар тиісінше "1462,9", "4463729", "113", "213", "55", "115,9" деген сандармен ауыстырылсын;

III бөлімдегі "1002", "600000" деген сандар тиісінше "1018", "578880" деген сандармен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "тракторлы жол фрезі - 17 бірлік" деген сөздер алынып тасталсын;

7-тармақтағы "47", "7", "1411,9", "178" деген сандар тиісінше "65", "9", "1462,9", "161" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі